

«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы

«Банкке саяхат»

Ашық ұйымдастырылған іс- әрекет



Ересек «Балақай» тобы

Өткізген: тәрбиеші Аймахова С.А.

2025-2026 оқу жылы

Білім беру дағдысы: Танымдық, әлеуметтік.

Тақырыбы: «Банкке саяхат»

Мақсаты: Балалардың қаржылық сауаттылығын ашу, жалпы қаржы туралы дүниетанымын кеңейту. Ақшамен, банкноттармен таныстыра отырып, тілін дамыту. Қаржыны жұмсауды, үнемдеп жұмсауды және жинауды үйрету. Ойын арқылы шығармашылығын дамыту. Бір-бірімен достық қарым-қатынасқа, ұжымшылдыққа баулу.

Тәрбиеші:

-Балалар! Қараңыздаршы, бізге қонаққа апайлар келіпті. Қане, бәріміз апайлармен амандасайық.

Шаттық шеңбері: «Күлімдейді күніміз»

Қуан шаттан балақай!

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң бәріңе.

Күліп шықты күн бүгін.

Дидактикалық ойын: «Жартысын тап». Шарты: Ыдыстардың суреттерінің жартысын тауып орнына орналастырады.

«Жемістер мен көкөністерді ажырат». Шарты: Алдарында шашылып жатқан жемістер мен көкөністерді тауып өз ұяларына қояды, атын атайды.



Тәрбиеші: -Балалар, алдымызда жаяу жүргіншілер жолағы жатыр екен. Ендеше сол жолақ арқылы саяхаттап көрейікші. Бізді қайда апарарды екен. Саяхаттаймыз ба?

Балалар: -Иә, саяхаттаймыз.

Тәрбиеші: -Балалар, қараңдаршы, біз қайда келдік?

Балалар: - Банкке келдік.



Тәрбиеші:- Дұрыс айтасындар. Біз банкке келдік. Жан-жағымызға қарайықшы, банкте нелер бар екен?

Балалар:- Банкомат бар.Ақша бар.



Тәрбиеші: - Дұрыс айтасындар. Банкноттар бар (Банкноттармен таныстыру). Сол ақшаны беретін кассир болады. Қазір біз банкоматтан ақшаны шешіп үйренеміз. Ол үшін бізге карточкалар керек.

Тәрбиеші:- Балалар, бәрінде ақша бар ма?

Балалар:-Бар

Тәрбиеші: -Ендеше ақшамызбен дүкенге барып сауда жасап үйренейік. Өзімізге қажетті заттарды сатып алайық.

Балалар: -Жарайды.



Тәрбиеші:-Балалар сендер аналарыңмен еріп дүкенге барасындар ма?

Балалар: -Иә , барамыз.

Тәрбиеші:-Дүкенге барғанда қажет емес зиянды заттардың бәрін ала беруге болмайды.Ақшаны үнемді жұмсау керек. Ақшаны жинай білу керек. Артық ақша болса әмиянға сақтау керек. Менің қолымда «Копилка» бар.Бұл артық

ақшаларды жинайтын құрал. Ақшаларды үнемді жұмсап, копилкада ақшаны көбейтіп алуға болады. Ендеше бәріміз копилкаға ақша салып үйренейік.
Ойын: «Ақша жинау»



«Кім жылдам» ойыны. Шарты: Текшені лақтыру арқылы көрінген тиынның үстімен секіріп шығу

Қорытынды:

-Балалар, бүгін біз не туралы әңгімеледік?

-Ақша бізге не үшін қажет? Ақшаны қайдан аламыз, кім әкеледі?

-Қайда саяхат жасадық?

-Жарайды. Ендеше апайларға «сау болыңыздар!» дейміз.